

**ХАМИДУЛЛА НУРМАТОВ, НАДИМ НОРХУЖАЕВ,  
ШӘРІП ЖАНАЙДАРОВ**

# МУЗЫКА

**Жалпы орта білім беретін мектептердің  
2-сыныбына арналған оқулық**

Қайта өндөлген 7-басылымы

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі баспаға ұсынған*



Фафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі  
Ташкент—2018

УҮК 372.878(075)  
КБК 85.31  
Ж 26

**АВТОРЛАР:**  
**Х.НУРМАТОВ, Н.НАРҚОЖАЕВ, Ш.ЖАНАЙДАРОВ**

**Пікір жазғандар:**

1. **Гүлчехра Уалиева** – Низами атындағы ТМПУ жаңындағы ТҚХББ ... “Қолданбалы пәндер және мектептен тыс білім беру өдістемесі” кафедрасының аға оқытушысы;
2. **Рано Худоярова** – Ташкент қаласы Сіргелі ауданындағы №277 жалпы білім беретін мектептің музика мәдениеті пәні оқытушысы;
3. **У. Мырзахмедов** – Ташкент облысы Бостандық ауданындағы №2 жалпы білім беретін мектептің музика мәдениеті пәні оқытушысы.

***Республикалық мақсатты кітап*  
*қорының қаржылары есебінен басылды***

Х.Нурматов, Н.Нарқожаев, Ш. Жанайдаров  
**Музыка:** 2-сыныпқа арналған оқулық. Қайта өндөлген 7-басылымы. – Т.: Fafur Fulyam атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. Ташкент—2018, – 72 б.

1.1 Авторлар тобы.

УҮК 72.878(075)  
КБК 85.31

© **Х.Нурматов, Н.Нарқожаев,  
Ш.Жанайдаров**  
© **Fafur Fulyam атындағы  
баспалография шығармашылық  
үйі, 2018**

ISBN 978-9943-5290-5-2

ОТАНЫМЫЗДЫ МАДАҚТАЙМЫЗ



**ӨЗБЕКСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТИК  
ӘНҮРАНЫ**



Сөзін жазған *Абдулла Арипов*  
Әнүрін жазған *Мутал (Мутаваккил) Бурханов*

Serquyosh, hur o'lkam, elga baxt, najot,  
Sen o'zing do'stlarga yo'ldosh, mehribon!  
Yashnagay to abad ilm-u fan, ijod,  
Shuhrating porlasin toki bor jahon!

**N a q a r o t:**

Oltin bu vodiylar — jon O'zbekiston,  
Ajdodlar mardona ruhi senga yor!  
Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,  
Olamni mahliyo aylagan diyor!

Bag'ri keng o'zbekning o'chmas iymoni,  
Erkin, yosh avlodlar senga zo'r qanot!  
Istiqlol mash'ali, tinchlik posboni,  
Haqsevar, ona yurt, mangu bo'l obod!

**N a q a r o t:**

Oltin bu vodiylar — jon O'zbekiston,  
Ajdodlar mardona ruhi senga yor!  
Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,  
Olamni mahliyo aylagan diyor!

## **МУЗЫКА БӨЛМЕСІ**



## **ӘН АЙТУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

1. Ән айтқанда денені тік, түзу ұстап, еркін тұру керек.
2. Әнді жұмсақ, жай және айқайламай мәнерлеп айт. Өлеңнің сөздерін анық, түсінікті етіп орында.
3. Әндегі екпінді буындарды созыңқырап айт.
4. Тынысынды үнемдеп, өлең сөздерін соңына дейін жеткізіп орында.
5. Хорда ән айтқанда, жолдастарыңмен қосылып айт.
6. Әнді орындау кезінде ән сабағы мұғалімінің қол қимылына қарап ескертпелерін бұлжытпай орында.
7. Әнді айтудан бұрын өлең мазмұнын жақсы түсініп ал.

## Ән шырқаймыз

# VATANJONIM – VATANIM

Сөзін жазған *П. Мумин*  
Әнін жазған *Д. Омонуллаева*

### Орташа жылдам


Music notation in G minor, 6/8 time. The lyrics are:

Va - tan - jo - nim – Va - ta - nim, ko'zim quv- nab  
ko'r - ga - nim. Is - tiq - lol - dan

kul - ga - nim, O'z - be - kis - ton - gul - sha - nim!

Vatanjonim – Vatanim,  
Ko'zim quvnab ko'rganim.  
Istiqloldan kulganim,  
O'zbekiston – gulshanim!


Bahra olib bag'ringdan,  
Ulg'ayaman mehringdan.  
Vatanjonim – Vatanim,  
O'zbekiston – gulshanim.




## ҚАЙТАЛАУ

### НОТА ЖОЛЫ. НОТАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ МЕН АТАЛУЫ


Музыкалық дыбыстар нотамен жазылады. Ноталар жазылатын бес сзыық НОТА ЖОЛЫ деп аталады.



Нота жолының басына СКРИПКА КІЛТІ қойылады.




СКРИПКА КІЛТІ нота жолының екінші сзыығына оралып тұратындықтан, бұл сзыықта жазылатын нота да СОЛЬ НОТАСЫ деп аталады.




**СОЛЬ** НОТАСЫ

Музыкада жеті нота бар, олар нота жолының бес сзыығына орналасады да, төмендегідей аталады:



**ДО РЕ МИ ФА СОЛЬ ЛЯ СИ**



## **МУЗЫКА БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ**

**Тыңдаймыз және музыканың  
сүйемелдеуімен орындаимыз**

### **USMONIYA**

(Марш өуенімен екпіндете орындалады)

Өзбек халық күйі

#### **Марш екпінімен**



## ҚАЙТАЛАУ

Қандай дыбыстарды білесің?  
Жаңғырық дыбыстар



Музыкалық дыбыстар



Қандай дыбыстар жаңғырық дыбыстар деп аталады?

Қандай дыбыстарды музыкалық дыбыстар дейміз?

## ЖЕКЕ ОРЫНДАУШЫ (СОЛИСТ)



Жеке музыкалық аспапта ойнаушыны  
**ЖЕКЕ ОРЫНДАУШЫ (солист)** деп атайды.

**Жеке орындалатын**  
**музыка тыңдаймыз**

### QASHQARCHA

Өзбектің халық күйі

**Жылдам**

*mf*

*f (p)*

The musical score consists of four staves of music for piano. The first staff begins with a dynamic marking 'mf'. The second staff begins with a dynamic marking 'f (p)'. The third and fourth staves end with a double bar line and repeat dots. The music is in 2/4 time and a major key. The notes are primarily eighth and sixteenth notes, with some quarter notes.

## Эн үйреніңдер



Сөзін жазған М. Хакімжанова


Энің жазған *И. Нұсіпбаев*

## Асықпай

2. Бағында құстай сайрадым,  
Қырында гүлдей жайнадым.  
Сәулетті, дарқан бесігім,  
Тербеліп журмін осы күн.

## НОТАЛАРДЫҢ БӨЛІНУИ

Ноталар түрлі созылымда болады.  
Олар бір-бірінен ұзын-қысқалығымен  
ерекшеленеді.



Бүтін нота                    Жарты нота  
бүтін алмаға тең. жарты алмаға тең.



Ноталар қандай созылымда екендігін  
өз бетіңмен анықта.



## **ДУЭТ**



Екі музыкалық аспапта қосылып орындалатын музыканы ДУЭТ деп атайды.

**Музыка тыңдаймыз**  
**SANAM UFORISI**

Өзбектің халық күйі

Ойнақы

A musical score in G clef, 6/8 time. It consists of six measures of music. The first five measures each contain four eighth notes. The sixth measure contains a single eighth note followed by a sixteenth-note rest. The notes are black on a white staff.



Ән шырқаймыз

## АЛША

Сөзін жазған *T.Шопашев*

Әнін жазған *B.Ерзакович*

**Ойнақы** *mf*



1. Күн-нің жо-лы ұ-за-рып, жаз кепжет-ті аң-са-ған.  
Меруерт-тей қы-за-рып, ал-ша піс-ті сам са ған.

Күннің жолы ұзарып,  
Жаз кеп жетті аңсаған.  
Меруерттей қызызып,  
Алша пісті самсаған.

Бақшадағы бағымда,  
Аңыздай түр алшалар.  
Жете алмаймын санына,  
Бір ағашта қанша бар?




## **НОТА ЖОЛЫНДА ОРНАЛАСҚАН НОТАЛАР**


Ноталар түрлі әдістермен жазылады:

- а) сызықтар үстіне орналасқан ноталар;
- ә) сызықтар арасына орналасқан ноталар;
- б) сызықтар астына және үстіне орналасқан ноталар;
- в) қосымша сызықтарға, қосымша сызықтардың үстіне және астына орналасқан ноталар.


a)




ә)



б)



в)



# **БІЗ МУЗЫКАНЫ СҮЙЕМІЗ**

## **ДОС БОЛАЙЫҚ БӘРІМІЗ**

Сөзін жазған *Х. Талғаров*

Әнін жазған *И. Нұсіпбаев*

### **Орташа екпінмен**

Әр қа-шан дос біргеміз, А- жы-ра-мас ір-гे-міз. Іл-ге-рі  
жу- рің-дер. Дос-тық жы-рын біліндер. Ту-ғыпұстапбірлікті,  
Ең- бек- ті сүй- ің- дер. Дос бо-лай-ық бә- рі -  
-міз Жа- ра- сып тұр ө- ні- міз.  
Ты- ныш- тық-ты сақ-тай- мыз Ат- сын қу-  
ліп та- ңы- мыз.

### **Қайырмасы:**

Дос болайық бәріміз,  
Жарасып тұр әніміз.  
Тыныштықты сақтаймыз,  
Атсын күліп таңымыз.

Қайраттанып қарышта,  
Озып шыққын жарыста.  
Батыл бас та, жас ұлан,  
Самға биік алысқа –  
Жұлдыздарға, ғарышқа.

Эн шырқаймыз

## ОН САУСАҚ

Сөзін жазған Ш. Смаханұлы

Әннін жазған М. Ыбыраев

### Орташа жылдам

Төрт түлікті төлде-тіп, күрпілдетіп мал сау-сақ,  
сүт бұла-ғын сел-де-тіп а-ғы-за-ды он саусақ шаршы топпен  
жал-ға-сыпкүм-бір-ле-тіп қүй сал-сақ он пернені дәл ба-сып  
ой- нақ-та-ған он сау-сақ.  
он сау-сақ.

Көкте бұлтпен таласқан,  
Он бес қабат үй салсақ.  
Көк кірпішін қаласқан  
Тегеурінді он саусақ.  
Алма, жүзім, өрікті  
Майыстырып он саусақ.  
Аулымызды көрікті  
Етіпті де он саусақ.

## **БҰЛАР КІМДЕР?**



## **СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының әнін кім жазған?
2. Әнұранды қай күйде тыңдау керек?
3. Ән айтқанда қандай ережелерді есте сақтау керек?
4. Қандай дыбыстарды білесің?
5. «Vatanjonim – Vatanim» әнінің мазмұны нені сипаттайты?
6. Жеке орындаушы (солист) дегеніміз кім?
7. Дуэт дегеніміз не?
8. Ноталардың аттарын атап бер.
9. Ноталардың созымдылығы мен бөлінуі туралы айтып бер.
10. Саған қандай әндер мен күйлер көбірек ұнайды?



## **ӘНШІЛЕР АНСАМБЛІ**

Музыкалық шығарманы екі немесе одан да көбірек әншілердің бірігіп орындауын ӘНШІЛЕР АНСАМБЛІ деп атайды.



### **FARG'ONACHA**

Өзбектің халық қүйі

**Орташа жылдам**

Musical notation for the first measure of the song "Farg'onacha". It consists of a single staff in G major (indicated by a treble clef) and common time (indicated by a 'C'). The measure begins with a quarter note followed by an eighth note, a sixteenth note, and another sixteenth note. This is followed by a eighth note, a sixteenth note, and another sixteenth note. The next two measures follow a similar pattern.

Musical notation for the second measure of the song "Farg'onacha". It consists of a single staff in G major (indicated by a treble clef) and common time (indicated by a 'C'). The measure begins with a quarter note followed by an eighth note, a sixteenth note, and another sixteenth note. This is followed by a eighth note, a sixteenth note, and another sixteenth note. The next two measures follow a similar pattern.

**Кенен Әзірбаев** — Қазақстанның Жамбыл облысында 1884 жылы дүниеге келді. Оның анасы Ұлдар үлкен әнші, ақын болған. Кенен 11 жасында қолына домбыра алып, ән шығарған. Оның «Бозторғай», «Көкшолақ» әндері бүкіл қазақ халқына әйгілі.



## КӨКШОЛАҚ

К.Әзірбаев

**Бір қалыпты, салмақты**

Мін-ге- нім ас-тым-да-ғы Көкшолақты, Әй!  
И- и- и- и. Жалы жоқ, құйрығы жоқ, шоп-

шо-лақ-ты, Ә- и- и- и-

и. О-лай жүр-ші, Көк-шо-лақ, Бы-лай жүр-ші  
Көк- шо- лак, Қыз- дар мін- ген бай- тал- ды.

## НОТАЛАРДЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫН САНАУ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕНЕМІЗ

Музыка дыбыстарының бірі — созылып, ұзак айтылса, бірі — қысқа айтылады. Дыбыстардың әр түрлі болып келуін **ноталардың ұзақтығы** дейді.

Ең ұзак нотаны **бүтін нота** деп атайды.

○ — Бүтін нота төрт ширек нотаға бөлінеді. 1-ey, 2-ey, 3-ey, 4-ey.

♪ — Жарты нота — бүтін нотаның тең жартысы. 1-ey, 2-ey.

— Төрттік (ширек) нота. Бұл — бүтін нотаның төрттен бір бөлігі. 1-ey.

— Сегіздік нота. Бұл — бүтін нотаның сегізден бір бөлігі, екі нота 1-ey.

## НОТАЛАРДЫҢ АТЫ МЕН ҰЗАҚТЫҒЫН ӨЗІМІЗ АНЫҚТАЙМЫЗ ЖӘНЕ САНАЙМЫЗ



# МУЗЫКАНТТАР АНСАМБЛІ

Музыка тыңдаймыз

## НОРИМ-НОРИМ

Өзбек халық күйі

Орташа екпінмен

The musical notation consists of five staves of music in G clef, 2/4 time. The notes are primarily eighth and sixteenth notes, with some quarter notes. The melody is simple and repetitive, typical of a folk song.



## Гаунар біздің тіл алғыш

Сөзін жазған М.Әлімбаев

Әнін жазған Ә.Бейсеуов

**Жылдам**

*S. mf*

5 А- я май-ды қол- үшін кел-с(е) ақ болды ша-ма-сы  
Мадақтайды сол- ү- шін ыл-ғи д(а) оның мамасы.

10 **Қайырмасы:**


14 Гаунар біздің тіл ал-ғыш ес-ти-ті-ні мың ал-ғыс  
ес-ти-ті-ні мың ал-ғыс ес-ти-ті-ні

17 **вольта**

мың ал-ғыс



Қызығады көзіміз  
Қуанып-ақ тұрамыз.  
Ал, Гаунардың өзін біз  
Үш күн жуындырамыз.



**ТАПСЫРМА  
МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ АЙЫРА БІЛ**



## БАЛАЛАР АНСАМБЛІ



Суреттерде көрсетілген жеке орындаушыны (солист), түрлі аспаптарда күй тартушыларды, әншілер және балалар ансамбльдерін өз бетіңше анықта.

## Ән тыңдаймыз

### АЯЗ АТА

Сөзін жазған *T. Молдағалиев* Әнін жазған *Ж. Еңсепов*

#### Асықпай

A- яз а-та ақ са-қал-ды, ақ та-яқ-ты паң а-та, а-сыпө-тіп  
Қайырмасы  
асқар тауды Жеттің бізге таң а-та Бә-рі-міз-де әсем әнбіз,  
шат-тық күй- міз бә- рі- міз. А- лыс жер- ден  
кел-сең жал-ғыз кө- бе- йе- міз ә- лі біз.

Аяз ата ақ сақалды,  
Ақ таяқты паң ата.

Асыпетіпасқар тауды,  
Жеттің бізге таң ата.

Қайырмасы:

Бәріміз де әсем  
әнбіз,

Шаттық күйміз  
бәріміз.

Алыс жолдан келсөң  
жалғыз,

Көбейеміз әлі біз.

Алыс-алыс жерден  
келдің,  
Отыра ғой, деміңді ал.  
Өңкей бала төнірегің,  
Бізбен бірге әнгесал.

Қайырмасы:

Әлі-ақ күліп мәз  
боларсың,  
Қане, қане, төрлет, ата,  
Сыйлығыңды озған  
алсын,  
Озбағанға берме, ата!  
Қайырмасы.

## Ән айтамыз

### ШЫРША ЖЫРЫ

Сөзін жазған Ә.Дүйсенбиев

Әнін жазған Л.  
Хамиди

#### Ойнақы

Ап- пак, ап- пак, жа- па- лақ-тап, қар жа- уа- ды  
тын- бас- тан Қа-лың ор-ман, қар жа- мыл-ған,  
1.2. 3.  
мая- жы- рай-ды тұн- г(i) ас- пан // жыл.

Кең пейілді, мол мейірлі  
Сағынышпен табысқан.  
О, алақай! Аяз атай  
Келе жатыр алыстан.

Кел, билейік, үйренейік,  
Ол келгенше жаңа жыр!  
Құтты болсын, құтты болсын  
Құтты болсын, Жаңа жыл!



## НОТАМЕН ӘН АЙТАМЫЗ



Бар- лы- ғы- мыз дос



## **СҰРАҚТАР**

1. Жеке орындаушы дегенді қалай түсінесің?
2. Музыкалық аспаптар ансамблі қандай болады?
3. Әншілер ансамблі қандай болады?
4. Екі сегіздік нота неше ширек нотаға тең?
5. Екінші тоқсанда үйренген қайсы әндер саған көбірек ұнады?



## КҮЙ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

**Күй** — қазақтың ежелден келе жатқан музыкалық аспапта ойналатын жанры. Күйдің ән сияқты сөзі болмағанымен, белгілі бір тақырыбы, мазмұны бар. Сондықтан күйді тыңдар алдында оның мазмұнына зейін сал. Әнді орындастын адамды **әнші** десе, күйді орындастын музыканнты **күйші** дейді.

Қазақтың музыка тарихында өшпес орны бар ұлы күйші, сазгер – Құрманғазының күйлері тақырыбы, көркемдігі жағынан ерекше көзге түседі және қазіргі заманымыздың күй жанрының төрінен ерекше орын алады.


Ұлы сазгердің алғашқы музыкалық шығармаларына «Серпер», «Ақсақ киік» сияқты күйлері жатады.

### Күй тыңдаймыз

#### АҚСАҚ КИІК

Құрманғазының күйі

Асықпай, нақпа-нақ



## СЕРПЕР

Құрманғазының қүйі

Жігерлі



## ТАКТ СЫЗЫФЫ



Сен білетін өлеңдердегі сияқты әндерде де күшті, яғни екпін белгісі бар дыбыстар болады. Нота жолына жазылған осы екпін белгісі бар дыбыстардың алдынан түзу сызық жүргізіледі, ол ТАКТ СЫЗЫФЫ деп аталады.


Біз жаз-да ой-най-мыз, жақ-сы дем а-ла-мыз

Екі екпінді дыбыс аралығындағы күй бөлігі ТАКТ деп аталады.

1-такт                  2-такт                  3-такт                  4-такт  
Ко- я- ным, ко- я- ным, не бол- ды?

ТАКТИЛЕР екі ширекке тең әр түрлі созылымдағы ноталардан құралады. Мұндай тактілер бір-екі деп саналады.

Ал тект өлшемін білдіретін сандар кілттен соң жазылады:



## **МЫНА ТӨМЕНДЕГІ САЗГЕРЛЕРДІҢ АТТАРЫН АТА**

Бұл сазгерлердің қандай музыкаларын білесің?



Бұл сазгерлердің қайсысы балаларға арналған музыка жазған?

# **НОТАЛАРДЫ САНАУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ**

Жазылған жаттығуды ең өүелі «бак-бум» сөзін дауыстап айтып, содан кейін стол шетіне саусақтармен шертіп айтамыз:





## Шермат Ярматов шығармашылығы (1939)

Өзбекстан халық әртісі, балалардың сүйікті сазгері Шермат Ярматов көп жылдардан бері жас әнсүйерлерге өнер сырларын үйретіп келе жатыр. Ұстаздың өз бастауымен үйымдастырылған және жетекшілік етіп отырған балалардың «Бұлбұлша» хоры тек республикамыздаға емес, сондай-ақ көптеген шет мемлекеттерде де өзбек балаларының әншілік өнерін насиҳаттап келеді.

Ол «Оутомајон ром бо'лди», «Г'илдирагим», «Соғ'лом авлод қо'шиг'i» секілді ондаған балалар әндерін шығарған.

## Ән шырқаймыз

### SOG'LOM AVLOD QO'SHIG'I

Сөзін жазған С. Барноев

Әнін жазған Ш. Ярматов

#### Орташа жылдам

Qu-yosh bo'l-sin, oy bo'l-sin, O'z-be-kis-ton  
boy bo'l-sin. Men-ga at-las, u-kam-ga  
gi-jing-la-gan toy bo'l-sin. Men-ga at-las,  
u-kam-ga gi-jing-la-gan toy bo'l-sin.  
Da-dam yuz-ga kir-sin-lar, a-yam yuz-ga  
kir-sin-lar, hey. Biz-lar yuz-ga kir-gan-da  
yo-ni-miz-da yur-sin-lar. Biz-lar yuz-ga  
kir-gan-da yo-ni-miz-da yur-sin-lar.

O'saversin bo'yimiz,  
Tenglik – orzu-o'yimiz.  
Bu dunyoda bor  
bo'lsin  
O'zbekiston – uyimiz.

N a q a r o t:  
Dadam yuzga kirsinlar,  
Ayam yuzga kirsinlar,  
Bizlar yuzga kirganda  
Yonimizda yursinlar.

**Эн тыңдаймыз**  
**ФИЛДИРАГИМ**

Сөзі Т. Барноевтікі

**ЖЫЛДАМ ЕКПІНМЕН**

Эні Ш.Ярматовтікі

G'il - di - ra - gim, g'il - di - ra - gim,  
 tez - roq - tez - roq pil - di - ra - gin.

Ik - ka - la - miz o'y - nab o'y - nab  
 yu - gu - ray - lik yo'l - ka bo'y - lab,

Ik - ka - la - miz o'y - nab o'y - nab  
 yu - gu - ray - lik yo'l - ka bo'y - lab,

g'il - di - ra - gim, g'il - di - ra - gim,  
 tez - roq - tez - roq pil - di - ra - gin.

# ҚАЙТАЛАУ БЕЛГІСІ ТУРАЛЫ ҰФЫМ

## GULBAHOR

Өзбек халық күйі

Орташа жылдам

Musical score for GULBAHOR in 3/4 time, major key, dynamic *mf*. The score consists of five staves of music.



## АҚ ӘЖЕМ

Сөзін жазған О. Әубекіров      Әнін жазған К. Қуатбаев

### Әндете

The musical notation consists of three staves of music. The first staff starts with a treble clef, a key signature of one sharp, and a 2/4 time signature. The lyrics are: "Ө- зің ме- ні ө- сір- ген, Ай-на-лай-ын ақ ә- жем." The second staff continues with the same key and time signature. The lyrics are: "Тен- тек бол- сам ке- шір- ген". The third staff concludes with the same key and time signature. The lyrics are: "Шөл- де- дің бе, ай, да- на ө- жем?". The music ends with a double bar line.

Шай қайнатып келейін,  
Шекер салып, жан әжем.  
Өзім құйып берейін,  
Балдай тәтті, бал әжем.



«Ақ әжем» әнінде көз алдыңа немересімен бірге жүрген әжені елестетесің. «Аман бол, шешем, аман бол» қүйінде баласын қимай тұрған аنانың тұлғасы (бейнесі) беріледі.

Осындай түрлі бейнелердің музикалық дыбыстар арқылы жасалуы музыка тілінде **музыкалық бейне** деп аталады.



Әннің немесе музыкалық шығарманың кез келген бір бөлігін екі рет қайталап орындау қажет болса, қайталау (реприза) таңбасы пайдаланылады.

Темендегі әнді үйрену арқылы қайталау таңбасын тиянақты менгеріп аласың:

### **UXLAB TURDIM**

Сөзін жазған *И. Мұслим*  
Асықпай

Әннің жазған *Ф. Назаров*

O- yi- jo- nim, bu- gun yax-shi ux- lab tur- dim.

Ju -da qи- ziq, ju- da shi- rin tush- lar ko'r- dim.

Siz- ga, siz-ga as- sa-lom! Ham man giz-ga as- sa- lom!

Yumshoq yostiq,	O'z vaqtida
Issiq ko'rpa,	Uyg'onishga
Rohat, rohat.	Qildim odat.

N a q a r o t:

Sizga, sizga assalom!  
Hammangizga assalom!

# ТОНИКА ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

## Күй тыңдаймыз



### ҚОСАЛҚА

(II түрінен үзінді)

Дәuletкереидің күйі

Кербез, орташа екпінде

Дәuletкереидің «Қосалқа» күйі табиғаттың сұлу көріністерін бейнелейді, жастарды достыққа шақырады. «Қосалқа» күйін тыңдаумен қатар оған оқушылар мен сахна шеберлері би де билейді.

**Ән шырқаймыз**

## **СӘЛЕМ, НАУРЫЗ**

Сөзін жазған *M. Дадабаев*

Әнін жазған *X. Әзімбаев*

**Ойнақы**

Сәлем, Наурыз, гүл Наурыз, гүлдей күліпкел Наурыз! Елімізді  
жа- сар- тып, бір ө- мір- ге қал Нау- рыз, қал Нау- рыз,  
қал Нау- рыз, бір ө- мір- ге қал Нау- рыз  
қал Нау- рыз, бір ө- мір- ге қал Нау- рыз

Сәлем, Наурыз, гүл Наурыз,  
Гүлдей күліп кел, Наурыз.

**Қ а й ы р м а с ы :**

Елімізді жасартып,  
Бір өмірге қал, Наурыз.  
Қал, Наурыз, қал, Наурыз,  
Бір өмірге қал, Наурыз.



Сағынышты көктемім,  
Құшақ жайды көкте күн.

**Қ а й ы р м а с ы :**





ТОНИКА — музыканың негізгі және тұрақты дыбысы.

Әрбір әнде ТОНИКА дыбысы бар.


Ән ТОНИКА дыбысымен аяқталады.

Жаттығуларды зейін сала тыңда және ТОНИКА дыбысын тап.

 «До» — бұл жаттығудың ТОНИКА дыбысы.

Бұл жаттығуды нота аттарын айта отырып, мұғалім орындайды.

Ал соңғы ТОНИКА дыбысын оқушылар айтып аяқтайды.




Өзін үйренген «Он саусақ», «Анадай асыл мектебім», «Ақ өжем» әндерінен ТОНИКА дыбысын тап және нота атын айт.

## **СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Күй дегеніміз не?
2. Реприза дегеніміз не?
3. Сазгер Шермат Ярматовтың қандай әндерін білесің?
4. Күй қазақтың қандай аспапта-рында орындалады?
5. Тоника музыканың қандай дыбысы болып саналады?
6. Саған көбінесе ән айту үнай ма әлде күй тыңдау үнай ма?
7. Үшінші тоқсанда саған ұнаған әндер мен күйлерді айтып бер.



# МУЗЫКАНЫҢ ТАҢБАЛАУ АМАЛДАРЫ



«Jonon» күйін жылдам екпінде тыңда.  
Әнін жазған *M. Мирзаев*

Енді осы күйді салмақты екпінде тыңда.

## Ән тыңдаймиз

### КӨКТЕМ

Сөзін жазған Ж. Сәттібеков Әнін жазған Қ. Қуатбаев

#### Орташа екпінмен

The musical score consists of six staves of music. The first two staves are identical, followed by four staves of lyrics. The lyrics are in Russian and Kazakh, with some words in both languages. The music is in 2/4 time, treble clef, and includes various note values like eighth and sixteenth notes.

Көктем келді, құс келді Ойнайтынбыз саз илеп, Біздің көл-ге  
түс-тен-ді был- тыр кет- кен қаз- үй- рек. А- хая,  
ха-ла-ла-лил, лилай, ли-лайла хал-әләл әллилләй лиләй-лә,  
Біз- дің көл- ге түс- тен- ді, был- тыр кет- кен  
1.2. 3.  
қаз, үй- рек көп тор- фай.

Көк көйлегін киді жер,  
Шешіп ақ қар ішігін.  
Емірене сүйді жел,  
Жас теректің бүршігін.

Алақай-ay, балалар,  
Қандай жақсы көктегі ай!  
Нұр жамылды далалар  
Келді ауға көк торғай.

**Ән үйренеміз**

## **АНА ТІЛІМ – АРДАҒЫМ**

Сөзін жазған Г.Қыстаубаева      Әнін жазған Б.Мұстафин

**Асықпай**

Ка-зақ ті-лім өз ті -лім а- на ті- лім, Абай, Мұхтар  
 сей-ле-ген да- на ті- лім. Қас-тер-лей-ді ұл-қы-зың,  
 мәң- гі се- ні бо-ла-ша-ғым, ба-қы-тым да-ра ті-  
 лім. А- а- а- а-- а - - Қас-тер-лей-ді  
 ұл- қы- зың мәң- гі се- ні бо- ла- ша- ғым,  
 ба- қы- тым, да- ра ті- лім.

Ана тілім — күн нұры, шуақтайсың,  
 Мөлдір таза, шық, кәусар бұлақтайсың.  
 Өнер, білім, ғылымда сәуле шашқан,  
 Темірқазық жұлдызым-шырақтайсың.

Ана тілім — болашақ, келешегім,  
 Сен арқылы биікпен теңесемін.  
 Өлең жазып, ой толғап өз тілімде  
 Шыңға қадам басамын, мен өсемін.

## **ТЫҢДА, БАҚЫЛА, ТАП**

Мұғалім мына екі мысалдың қайсысын орындады?

1. 2.

Мұғалім мына екі мысалдың қайсысын айтты?

1. Ля ля

2. Ля ля

Мына мысалдан ең жоғары және ең төмен дыбысты тап.

Мына мысалдағы күйдің соңғы жетіспей тұрған дыбысын тап:



## Надим Нарқожаев шығармашылығы (1947)

Балалардың сүйікті сазгері Надим Нарқожаев өзінің сан алуан әндері арқылы республикамыздың саз өнеріне кіріп келді.

Сазгердің «Chamandagi gullarmiz», «Yax-shi bola», «Gullar manim kulganım», «O'zbekimdan aylanay!» сияқты әндерін балалар сүйіп шырқайды.

## Ән шырқаймыз

### HAKKALAR

Сөзін жазған *Н. Орифжонов* Әнін жазған *Н. Нарқожаев*

**Көңілді *mf***

O- la qa- not hak-ka- lar, Shox- dan shox-ga  
qo'-na- siz, Chi- g'ir- chig'-lab ni- ma(ni)-dir  
Iz - lab top-gan bo'-la-siz. Te- rak-lar-ning u-chi-dan  
siz- ga bo- qar po-la- pon. Qa-mish- zor- lar  
i- chi- dan Un- ga qa- rab qo- la- man.

Shoshqaloqlab	Ola qanot
tumshug'in	hakkalar,
Siz tomonga tutadi.	Shoxdan shoxga
Hali yosh, yo'l-yo'rig'in	qo'nasiz.
Topmay najot kutadi.	Chig'irchig'lab nima(ni)dir
Uni boqish farzingiz,	Izlab topgan
Yurmang muncha	bo'lasiz.
hakkalab.	
Boshqalardan farqingiz	
Yengiltaksiz, hakkalar.	

## ҚАРЛЫГАШ

Сөзін жазған С. Жиенбаев

Әннін жазған Б. Физатов

**Асықпай, әндете**

The musical score consists of four staves of music in 2/4 time. The first staff starts with a forte dynamic (f) and a melodic line: - - - - | ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ | ♩ ♩ |. The lyrics are: дау-сың-ды естіп тұрмын қар-лы-ға-. The second staff continues the melody: ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ | ♩ ♩ |. The lyrics are: шым, шы-рыл-дап не- ге сон- ша қар-лы-ға- сың. The third staff begins with a dynamic change (mf) and a melodic line: ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ | ♩ ♩ |. The lyrics are: Ти-мей-мін ү- я- да- гы ба- ла-пан- га сен не-гे. The fourth staff concludes the melody: ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ ♩ | ♩ ♩ |. The lyrics are: сон-ша ма- ған жа-лы-на- сың.

Білем мен талай жерді араладың,  
Шарқ ұрып, ойладың ба бала қамын.  
Сол үшін ана жаның елжірейді,  
Келмейді жүргегінді жаралағым.

Білем мен қасиетті ана сырын,  
Шырқырап бөбекіне жаны ашырын.  
Тимеймін балапанға, мен де сендей  
Біреудің әлдилеген баласымын.

«Қарлығаш» — жұмсақ үнді, нәзік сезіммен айтылатын ән. Әсем вокальдық шығарманың мысалы ретінде айтылады. Әуендердегі ырғақтылық әнді әсерлі айтуға мүмкіндік беретіндігін ескеру қажет.



Әдетте әндер де, күйлер де екі түрлі дыбысталады. Бірі көңілді, ойнақы дыбысталса, басқасы көңілсіз және мұнды естіледі.

Көңілді дыбысталған музыка МАЖОР жүйесінде болады.

Ал мұнды естілетін музыка МИНОР жүйесінде болады.

Мажор жүйесіндегі музыкадан үзінді:



Енді осы жүйедегі үш дыбыстықты айт:



Минор жүйесіндегі музыкадан үзінді:



Енді осы жүйедегі үш дыбыстықты айт:





## Дилором Омонуллаева шығармашылығы (1959)

Дилором Омонуллаева өзінің сан қырлы шығармашылығының көп бөлігін балаларға арнаған. Оның «Alifbe qo'shiqlari», «Topish-moq qo'shiqlar» деп аталатын ән жинақтары, сонымен қатар «Etikcham», «Humto qushim», «Aziz bo'ston – O'zbekiston», «O'zbek elim — bek elim», «Dilorom-ning qo'shig'i» сияқты көптеген сан алуан әндереі оқушы-жастар арасында әйгілі.

## Ән айтамыз

### HANDALAK

Сөзін жазған *П.Мумин*

Әнін жазған *Д.Омонуллаева*

#### Асықпай, көңілді

N a q a r o t :

Handalak, handalak,

Pishgan edi,

Tarqaldi, tarqaldi

Har yon hid.

Egnida

Beqasam to'n,

Tikilibdi

Juda jo'n.

Har bittamiz

Pushtadan

Olib chiqdik

Uchtadan.

N a q a r o t

Bittadan

So'yib yedik.

Rosayam

To'yib yedik.

## РЕБУС

Сендерге таныс әннің негізінде жасалған тәмендегі өзбекше ребусты оқы:

DO, RE, MI, FA, SOL, LYA, SI

МАКТАВ PIANINO



K



VISHI OQ-QORA,

HAVA



NG KELAR QARA.

Өлеңде жетіспей түрған буындар но-  
тасын тап:

VATANI



Z ONA



Z,

JONDAN AZIZ

KO'RA



Z.

GOZAL ONA-VATANNING

CHIN



RZADI BO'LA



Z.

Мынаны тап:

Дыбысқатарда қайсы ноталар түсіп  
қалған?



## ШЕКТІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРМЕН ТАНЫС

Гижжак



Қоснай




Ауған рубабы



Танбур





## Аваз Мансуров шығармашылығы (1957)

Аваз Мансуров – оқушы жастардың сүйікті сазгерлерінің бірі. Оның әндері өзінің алуан түрлі мазмұнымен, өуенінің тартымдылығымен және ұнамдылығымен жас әншілердің көнілдеріне үялаған.

Сазгердің «Музқаутоқ», «Bolarilar», «Kitob mening do'stimdir», «Istiqlolim» си-яқты әндері солардың бірі болып табылады.

## Ән тыңдаймыз

### MUZQAYMOQ

Сөзін жазған X. Қаюмов

Әнін жазған A. Мансуров

**Асықпай**

Muzday muzdek muzqay-moq,  
Sut-day op- poq  
soz qay-moq. Muzday muzdek muzqaymoq, Sut-day op-poq  
soz qay-moq. As- ta- gi-na a-vay- lab, a- vay- lab,  
Chaynamasdan atay- lab, a- tay- lab, Sol-ganimda og'zimga  
E- rib ketar bir zum-da. E-rib ketar bir zumda.

Muzqaymog'im hozir ham  
Eridi-yu, yo'qoldi.  
Lekin totli mazasi  
Mening og'zimda qoldi.  
Muzday muzdek muzqaymoq,  
Sutday oppoq soz qaymoq.



# ҚАМАЖАЙ

Қазақтың халық әні

**Көңілді**

Ba-sын-да Қа- ма- жай-дың бір тал ү - кі,  
ай(ы)-ры-лып Қа- ма- жай - дан бол-дым күл - кі,  
бол-дым күл - кі. А- хай! Хай-ли - ләй - ім,  
ли - ли - ләй - ім, Қа - ма - жай  
қал-дың кей - ін сөу-ле - тай - ым.

Басында Қамажайдың бір тал үкі,  
Айырылып Қамажайдан болдым күлкі.  
Айырылып Қамажайдан отырғанда,  
Келеді қай жерімнен ойын-кулкі.

*Кайырмасы:*

Aхay! Хайлиләйім, лилиләйім,  
Қамажай, қалдың кейін сөулетайым.

## ДИРИЖЁРЛІКТІ ҮЙРЕНЕМІЗ

Ән-күй сабақтарында көпшілік (хор) болып ән орындағанда мұғалім қол қимылдарымен дирижёрлік ететінің білесің. Дирижёр хорды осылайша басқарады.

Сен де дирижёрлік қимылдарды үйрен.

Ән әр түрлі өлшемде (санауда) болуына қарай дирижёрдің қол қимылдары да түрліше болады. Мәселен, «бір-екі» деп саналатын екі ширекті өлшемдегі әнге дирижёр қолдарын тәменге және жоғарыға қарай сілтейді.

Сондай қол қимылдарын өз бетіңше орындалап көр.

«Бір» дегендеге, оң қол жоғарыдан тәменге түсіріледі:


Ал «екі» дегендеге, қол тәменнен жоғарыға көтеріледі:

Демек, «бір-екі» осылайша дирижёрлік етіледі.

Енді екі ширекті өлшемдегі әндерге өз бетіңмен осылайша дирижёрлік жасауға үйрен.

## НОТА БОЙЫНША АЙТ


Сөз буындары әрбір нотада келеді.



Musical notation example 1 consists of two staves in 2/4 time with a treble clef. The first staff shows the lyrics "Mak-tab-ga kel-dik" with notes corresponding to each syllable. The second staff shows the lyrics "la la la la la" with notes corresponding to each syllable. The notes are quarter notes except for the last note in each measure which is a half note.

Екі нота бір сөз буынында келуі мүмкін.

Мұндай жағдайда ноталар доғамен байланыстырылады және демді үзбей орындалады.



Musical notation example 2 consists of one staff in 2/4 time with a treble clef. It shows the lyrics "lo-la-lar" where the first two notes are connected by a horizontal line (beam) and the third note is a half note.

Бір сөз буыны екі немесе одан да көп ноталарда келуі де мүмкін.



Musical notation example 3 consists of one staff in 2/4 time with a treble clef. It shows the lyrics "Lya" where the first note has a long horizontal line (tie) extending to the end of the measure, and the second note is a half note.

Бұл жаттығуларды айтқанда, бірінші және екінші мысалдағы ноталарда сөз буындарының дараланып, айқын шығуына мән бер. Үшінші және төртінші мысалдарды орындағанда, дыбыстарды бір-біріне жалғап айт.

## **СҰРАҚТАР**

1. Сазгер А. Мансуровтың «Mуз-даутоқ» әнінде не сипатталған?
2. Мажор мен минорды бір-бірінен қалай ажыратуға болады?
3. Екі ширектік қалай дирижёрлік етіледі?
4. Музыкадағы қандай таңбалаш амалдарын білесің?
5. «Ақ өжем» әнінің мазмұны нені сипаттайды?
6. Қазақтың қандай халық әндерін білесің?
7. Бұл оқу жылында қайсы сазгерлермен таныстың?
8. Бұл тоқсанда үйренген және тыңдаған қандай музыкалық шығармалар саған көбірек ұнады?



# НОТАМЕН ЭН АЙТАМЫЗ

## Жаңғырық


## Мұғалім:



## Оқушылар:



## **Ноталарды шапалақ соғу арқылы үйренеміз**



ба - ка бак      ба - ка бақ      бақ      бак      бүм.



# **КЕР ТҰЛПАР**

Халық күйі



Ойнақы

The image shows six staves of musical notation for a single instrument. The first three staves begin with a dynamic of *mf* (mezzo-forte) and a time signature of 2/4. The fourth staff begins with a dynamic of *p* (pianissimo). The fifth staff begins with a dynamic of *mf*. The sixth staff concludes the sequence. Each staff consists of two measures of music. The notation includes various note values such as eighth and sixteenth notes, and rests. Measures 1-3 feature eighth-note patterns. Measures 4-5 feature sixteenth-note patterns. Measure 6 features eighth-note patterns again.

## **ӘН АЙТ, ТЫҢДА, ЕСІҢДЕ САҚТА, ТАП**

Төмендегі музыкалардан өзіңе таныс  
әндерді тап және оларды нотамен  
айт:



**Айтқан әндерінді және  
тыңдаған күйлерінді әрқашан  
есінде сақта.**

## Музыка тыңдаймыз

### БІЗ – БАҚЫТТЫ БАЛДЫРҒАНДАР

Сөзін жазғандар М.Әлімбаев, Әнін жазған Ә. Байділдаев  
Ә. Дүйсенбиев, Қ.Мырзалиев

*mf* **Ойнақы**

1. А- сыр са- лып ой- най- мыз да,  
ән шыр-қай-мыз, билей-міз. Ул-кен-дер - ді сый-лай-  
мыз да, тен-тек-тер- ді сүй-мей- міз. лә- лә- лә  
Қайырмасы:  
лә- лә      Біз ба- қыт- ты, біз ба- қыт- ты,  
біз ба- қыт- ты      бал- дыр- ған. // -ған.

Тату-тәтті достармыз біз  
Ыңталы да талапты.  
Көп білуге құштармыз біз  
Жақсы оқимыз сабақты.  
Қайырмасы:



Отырғызып балғын шыбық  
Сән береміз өнірге.  
Еңбекте біз құлшынып,  
Талпынамыз өнерге.

## МАЗМҰНЫ

Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны	
Сөзін жазған А. Арипов, әнін жазған М.Бурханов.....	3
Ән айту ережелері.....	5
«Vatanjonim — vatanim». Сөзін жазған П. Мумин, әнін жазған Д.Омонуллаева.....	6
Қайталау. Нота жолы. Нotalардың жазылуы мен аталуы.....	7
Усмония. Өзбек халық күйі .....	8
Қандай дыбыстарды білесің?.....	9
Жеке орындаушы (солист).....	10
Анадай асыл мектебім. Сөзін жазған М. Хакімжанова, әнін жазған И. Нұсіпбаев.....	11
Нotalардың бөлінуі.....	12
Дуэт.....	13
Алша. Сөзін жазған Т. Шопашев, әнін жазған Б.Ерзакович.....	15
Нота жолында орналасқан нotalар.....	16
Дос болайық бәріміз. Сөзін жазған Х.Талғаров, әнін жазған И. Нұсіпбаев.....	17
Он саусақ. Сөзін жазған Ш. Смаханұлы, әнін жазған М.Ыбыраев.....	18
Бұлар кімдер?.....	19
Сұрақтар мен тапсырмалар.....	20
Farg'onacha. Өзбектің халық күйі.....	21
Кекшолақ. Сөзі мен әнін жазған Кенен Әзірбаев.....	22
Нotalардың ұзақтығын санау арқылы үйренеміз.....	23
Алтын күз. Сөзін жазған М. Әлімбаев, әнін жазған Ә.Бейсеуов.....	24
Гауһар біздің тіл алғыш. Сөзін жазған М.Әлімбаев, әнін жазған Ә. Бейсеуов.....	25
Музыкалық аспаптарды айыра біл .....	26
Аяз ата. Сөзін жазған Т. Молдағалиев, әнін жазған Ж. Еңсепов.....	28
Шырша жыры. Сөзін жазған Ә. Дүйсенбиев, әнін жазған Л. Хамиди.....	29
Нотамен ән айтамыз .....	30
Сұрақтар.....	31
Күй туралы түсінік.....	32
Серпер. Құрманғазының күйі.....	33
Такт сызығы.....	34
Мына төмендегі сазгерлердің аттарын ата .....	35

Ноталарды санауды үйренеміз.....	36
Шермат Ярматов.....	37
Sog'lom avlod qo'shig'i. Сөзін жазған С. Барноев, әнін жазған Ш.Ярматов.....	38
Фидирагим.....	39
Gulbahor. Өзбек халық қүйі .....	40
Ақ әжем. Сөзін жазған О. Әубекіров, әнін жазған Қ. Қуатбаев.....	41
Қайталау таңбасы. Реприза.....	42
Қосалқа (II түрінен үзінді). Дәулеткерейдің қүйі.....	43
Сәлем, Наурыз. Сөзін жазған М. Дадабаев, әнін жазған Х. Әзімбаев.....	44
Тоника.....	45
Сұрақтар мен тапсырмалар.....	46
Музыканың таңбалау амалдары .....	47
Көктем. Сөзін жазған Ж. Сәттібеков, әнін жазған Қ. Қуатбаев.....	48
Ана тілім — ардағым. Сөзін жазған F. Қыстаubaева, әнін жазған Б. Мұстафин.....	49
Тыңда, бақыла, тап.....	50
Надим Нарқожаев.....	51
Hakkalar. Сөзін жазған Н. Орифжонов, әнін жазған Н.Нарқожаев.....	52
Қарлығаш. Сөзін жазған С. Жиенбаев, әнін жазған Б. Физатов.....	53
Мажор мен минор.....	54
Дилором Омонуллаева.....	55
Handalak. Сөзін жазған П.Мұмин, әнін жазған Д.Омонуллаева.....	56
Ребус.....	58
Аваз Мансуров.....	59
Muzqaumoq. Сөзін жазған Х. Қаюмов, әнін жазған А. Мансуров.....	60
Қамажай. Қазақтың халық әні .....	61
Дирижёрлікті үйренеміз.....	62
Нота бойынша айт.....	63
Сұрақтар.....	64
Нотамен ән айтамыз.....	65
Кер түлпар. Халық қүйі.....	66
Ән айт, тыңда, есінде сақта, тап.....	67
Біз — бақытты балдыրғандар. Сөзін жазған М.Әлімбаев, Ә.Дүйсенбиев, Қ. Мырзалиев, әнін жазған Ә. Байділдаев....	68

**Hamidulla Nurmatov, Nadim Norho‘jaev,  
Sharip Janaydarov**

# MUSIQA

2-sinf uchun darslik

(Qozoq tilida)

Qayta ishlangan 7-nashri

Аударған А. Ташметов

Редакторы Қ. Рахманов

Көркемдеуші редакторы Ш. Мирфаёзов

Техникалық редакторы Х. Хасанова

Корректор Ф. Эсанбекова

Компьютерде беттеген У. Валижонова

Баспа лицензиясы AI № 290. 04.11.2016.

Басуға рұқсат етілді 17.05. 2018 ж. Пішімі 70x100 1/<sub>16</sub>. Кеглі 16.

Қаріптүрі «Pragmatika». Офсеттік әдіспен басылды.

Есептік баспа табағы 5,85. Шартты баспа табағы 6,5.

Таралымы 5737. Тапсырыс 312.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің

Фаур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі.

100128, Ташкент, Лабзак көшесі, 86-үй.

## Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендеғі жағдайы	Сынып жектекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жектекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі тәмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендеғі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі белігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттерінде жазу-сызулар жоқ.
Орташа	Мұқаба мүжілген, аздап сыйылған, оқулықтың негізгі белігінен ажыраған жерлері бар. Пайдалануыш жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Парақтары жүзінде жазу-сызулар жоқ.
Нашар	Мұқаба былғанған, сыйылған, жыртылған, негізгі белігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сыйылып, шимайлланған. Оқулық қалпына келтірге жарамайды.